

Жастар қоғамдық бірлестігі
Молодежное общественное объединение

ЖАСТАР ҮНІ
ЖАСТАР ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

Кімге: "Азаматтық
бастамаларды қолдау орталығы"
коммерциялық емес акционерлік
қоғамына
Кімнен: «Жастар Үні» Жастар қоғамдық
бірлестігінен

Үкіметтік емес ұйымдарға берілетін гранттар конкурсына қатысуға өтініш

Осы өтінішті бере отырып «Жастар Үні» Жастар қоғамдық бірлестігі (ары қарай – өтініш беруші) «Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау» атты бағыты негізінде «Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау» атты грант тақырыбы бойынша үкіметтік емес ұйымдарға берілетін гранттар конкурсына (арықарай – конкурс) қатысуға тілек білдіреді және конкурс шарттарына сай әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға келісім береді.

Өтініш беруші осы арқылы Өтінімнің ішіндегі барлық ақпараттың шынайы екендігін, шынайы фактілерге сәйкес келетіндігін растайды және кепілдік береді, және өзінің құзыреттілігі, біліктілігі, сапалық және басқа сипаттамалары туралы жалған ақпарат беру, авторлық және сабақтас құқықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да шектеулерді сақтау үшін жауапкершілік туралы хабардар екендігін білдіреді. Өтініш беруші жалған ақпарат беру үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады.

«Жастар Үні» ЖҚБ төрағасы
Касенғалиев А.С
(ұйым жетекшісінің лауазымы)

_____ (қолы)

_____ (қолтаңбаның толық жазылуы)

Толтырған күні " ____ " _____ 20__ жыл

ТІЛДЕ, ІСТЕ, ПІКІРДЕ
БІРЛІК!

Қазақстан Республикасы
Алматы қ., Абай даңғылы, 52В, 5-қабат, 529 кеңсе
☎ 8 (727) 392 13 34
✉ bolashak.online@gmail.com

Өтініш берушінің сауалнамасы

№ п/п	Атауы	Ақпарат (сұраныс беруші толтырады)
1.	Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігі туралы анықтамаға немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес өтініш берушінің атауы	«Жастар Үні» Жастар Қоғамдық Бірлестігі
2.	Мемлекеттік тіркеуден өткен күні (қайта тіркеу)	08.12.2015
3.	Бизнес-сәйкестендіру нөмірі	021240004779
4	Нақты мекен-жайы	Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, № 52 «в», корпус 1, 522 кеңсе. bolashakzhasar@mail.ru
5.	Өтініш берушінің мақсатты тобы туралы ақпарат	Жастар және балалар, скауттық топтар сен скауттық қозғалыс мүшелері.
6.	Бірінші басшының (болған жағдайда) тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, байланыс нөмірлері мен электронды мекенжайы	Касенғалиев Асхат Санатұлы «Жастар Үні» ЖҚБ төрағасы,
7.	Бас есепшінің (болған жағдайда) тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, байланыс нөмірлері (ұялы телефон нөмірімен қоса), электронды мекенжайы	Келісім бойынша
8.	Еңбек ресурсы барлығы: Оның ішінде:	
	Штаттағы қызметкерлер	7 қызметкер
	Шақырылған мамандар	Келісім бойынша жоба негізіне қарай алынады
	Волонтерлер	Жоба нысанына байланысты

Өтініш берушінің әлеуеті туралы ақпарат

1. Ұсынылатын әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның ұйымның жарғылық қызметіне сәйкестігінің негіздемесі.

Аталмыш жоба біздің ұйымның жарғылық негізіне толықтай сәйкес келеді. Біздің ұйым жарғысы төмендегідей пункттерден тұрады:

«Жастар үні» Жастар қоғамдық бірлестігі жарғыға сәйкес өзіне міндет етеді:

- Елдің қоғамдық өміріне белсенді қатысуына қол жеткізу;
- жастардың әлеуметтік, экономикалық, құқықтық және мәдени проблемаларын шешуге нақты іс қимыл арқылы ықпал ету;

1.2. Бірлестік мәндері:

- қоғамдық өмірге қатысу;
- оралмандардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау;
- ҚР Президентінің жолдауын үгіттеу, насихаттау;
- шет ел қазақтарымен қоғамдық жұмыстарды атқару;
- спорттық шаралар ұйымдастыру;
- Бірлестіктің қызметінің мәні мен жарғылық мақсаттарына қайшы келмейтін семинарларды, конференцияларды, дөңгелек үстелдерді және басқа да іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- қоғамдық пікірлерді сұрастыруды және басқа да зерттеулерді жүргізу;
- Бірлестіктің жарғылық мақсаттары мен міндеттерін барлық заңды жолдармен жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
- Бірлестіктің мақсаттары мен міндеттерін жастар арасында тарату және түсіндіру;
- Бірлестіктің жарғылық мақсаттары мен міндеттерін орындау үшін басқа да қоғамдық бірлестіктермен ынтымақтастықты дамыту;
- мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару және өзге де ұйымдарда жастардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау және өкілі болу;
- қайырымдылық қызметтерді жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының қазіргі заңдарына сәйкес, баспагерлік және баспаханалық қызметтерді жүзеге асыру, бұқаралық ақпарат құралдарына құрылтайшылық ету;
- бірлестіктің мүшелеріне материалдық және басқа да көмектер көрсету;
- білім беру-мәдени сала, коммуналды-тұрмыстық мәселелер бойынша азаматтарға кеңес беру қызметтерін көрсету;
- ақпаратты игеру, білім беру реформаларын талқылауға, әзірлеуге қатысу және өткізу;
- маңызды проблемаларды шешу және білім беру жүйесін жетілдіру жолдарын іздестіру;
- білім беру саласындағы мемлекеттік және басқа бағдарламаларды дайындауға және іске асыруға белсенді қатысу;
- жастардың құқықтары мен бостандықтарын үгіттеу және қолдау мақсатында ақпараттарды және материалдарды дайындау және тарату;
- білім беру саласында акциялар және ақпараттық-ағарту, жарнама компаниялары сипатындағы шараларды, көрмелерді өткізу;
- электронды деректер базасын, кітапханалар құру, электронды форматта деректермен алмасу бойынша қызметтер көрсету;
- білім беру саласы бойынша грант саясатының дамуына және ерікті түрдегі ұйымдардың өмірлік қызметіне қарасу.

2. Өтініш берушінің грант тақырыбы бойынша жұмыс тәжірибесі.

Соңғы 3 (үш) жылда жүзеге асырылған немесе жүзеге асырылып жатқан осыған ұқсас әлеуметтік жобалар және (немесе) әлеуметтік бағдарламалар көрсетіледі (ұйымның жекелеген қызметкерлері өздігінен өткізген немесе өзге ұйымдар арқылы жүзеге асырған жобалар мен қызмет түрлері ұйымның өзінің жұмыс тәжірибесі болып саналмайды).

Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылу мерзімі	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның атауы (негізгі қызмет түрі)	Тапсырыс берушінің атауы (донор) және жүзеге асырылған әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның географиялық қамтылу аймағы	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның құны	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижесі
2018 жылдың қыркүйек – қараша айларында жүзеге асырылды	«2018 жылға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Атамекен» кіші бағдарламасын іске асыруға азаматтардың тартылу деңгейін және «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Атамекен» кіші бағдарламасының іске асырылуына халықтың қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында әлеуметтанушылық сауалнама жүргізу» атты «Қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту. Қоғамды дерадикализациялау» бағытындағы грант	«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ тапсырысы бойынша, Қазақстан Республикасының барлық облыстарын қамти отырып, әлеуметтік сауалнама негізінде «2018 жылға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Атамекен» кіші бағдарламасын іске асыруға азаматтардың тартылу деңгейін және «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Атамекен» кіші бағдарламасының іске асырылуына халықтың қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында әлеуметтанушылық сауалнама жүргізу» атты грантты іске асырдық.	14,893,600	Жоба нәтижесінде республикалық сауалнама жүзеге асты. Ол үш түрлі іргелі зерттеуді: жалпылама сауалнама, эксперттік сұрау және фокус-топтық талқылауды құрады. Сауалнама нәтижесінде екі түрлі әдіснеме(методичка) жасалды. Облыстарға арнап SWOT талдау іске асты. 5 бейнеролик түсіріліп, методичкалар кітапша және диск түрінде барлық облыстарға таратылды.Қысқаша айтқанда осылай.
2017 жыл сәуір және қараша	«Балалар және кәсіпкерлік» балалар қызметін жүзеге асыру мен оларды кәсіп ашу жолында жігерлендіру.	«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» тапсырысы бойынша жоба жүзеге асты. Жобаның қамтылу аймағы аса үлкен әрі еліміздің тең жартысын қамтыды. Атап айтсақ 7 облыс, 10 аудан, 35 ауылда жоба жүзеге асып, үлкен нәтиже берді.	10 млн теңге	Жоба нәтижесінде 4 журнал мен 5 бейнеролик түсіріліп, 1500 бет ақпарат оқытылды. Жобаның нәтижесінде кәсіп бастаған жандардың саны онға тақау.

3. Өтініш берушінің әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға арналған материалдық-техникалық базасының болуы.

Ұйымның әлеуметтік жобаны жүзеге асыруға толық мүмкіндігі жеткілікті. Неге? Өйткені ұйым бұл салада кемі 15 жыл қызмет етіп келеді. Ұйымның мол тәжірибесі жоба барысында кездесетін мәселелер мен кедергілерді оңай әрі дереу арада шеше алатынын көрсетеді. Жобаны жүзеге асыру үшін ұйымда білікті мамандар, саясаттанушылар мен бизнес-тренерлер, дизайнерлер мен әлеуметтанушылар, журналистер бар. Олар жобаның әр пунктіне сай мәселелерді шеше алады. Яғни жастарды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру, мотивациялық мәтіндер мен бейнероликтер түсіру, сайыстар ұйымдастыру мен кітапшалар шығару, қызықты семинар-тренингтер оқу, кездесулер ұйымдастыру, білікті мамандарды жұмысқа тарта білу тәжірибесінде аса мол. 2017 жылы ұйым АБҚО қолдауымен жүзеге асқан «Балалар және кәсіпкерлік» жобасы аясында Қазақстанның 7 облысы, 9 аудан, 35 ауылын аралап, арнайы дәрістер мен семинар-тренингтер өтіп, артынша арнайы журналдар шығарған еді. Аталмыш жоба аясында біз балалармен және жастармен жұмыс істеп көрдік. Жұмыс барысында біз балалармен қызықты семинарлар, тимбилдингтер өттік. Осының өзі аталмыш жобаны ұйым еш қиналыссыз сәтті жүзеге асыра алады деген сөз.

Техникалық тұрғыдан ұйым 10 компьютерлік құралдармен жабдықталған және тренинг өткізуге қажет проектор да бар. Арнайы фотоаппарат бар. Сонымен қатар ұдайы интернет пен ұйымның тұрақты офисі де бар екенін айта кеткен аса маңызды.

4. Өтініш берушінің жобалық тобының құрамы (жобаланған әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға тартылатын қызметкерлер).

Жобалық топ мүшесінің (болған жағдайда) аты-жөні	Лауазымы	Қызметкердің әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама міндетіне сәйкес жұмыс тәжірибесі, жобалардың атауы және оларды жүзеге асырудағы рөлін көрсете отырып	Жұмыс тәжірибесі (жылдардың санын көрсету)	Әлеуметтік жобадағы және (немесе) әлеуметтік бағдарламадағы міндеттері, жауапкершілігі
Касенғалиев Асхат Санатұлы	Саясаттанушы, тарих ғылымдарының магистранты «Жастар Үні» ЖҚБ менеджері	2017 жылы «Балалар және кәсіпкерлік» жобасы аясында 7 облысы, 10 аудан, 35 ауылды аралап, жобаны сәтті жүзеге асыра білді. Оған дейін де аталмыш бағыттағы жұмыстарды жүзеге асырған.	4 жыл	Жоба басшысы және координаторы
Сағадиев Рустам Ришатович	Саясаттанушы, «Жастар Үні» ЖҚБ төраға орынбасары	Аталмыш азаматтық бағытта 15 жылдан астам қызмет етіп келеді. Ауыл шақырады акциясын ұйымдастыруды жүзеге асырып, еліміздің 60 ауылы мен 12 облысын аралап шыққан. 2017 жылы «Балалар және кәсіпкерлік» жобасы аясында 7 облысы, 10 аудан, 35 ауылды аралап, жобаны сәтті жүзеге асыра білді.	10 жыл	Жобаны тікелей ұйымдастырушы, жоба менеджері
Ақбота Ерболқызы	«Жастар Үні» ЖҚБ-да журналист	7 жылдық тәжірибесі бар тілші	7 жыл	Жобаның ақпараттық жағын қамтамасыз етуші
Тәжімбет Данияр Ануарбекұлы	«Жастар Үні» ЖҚБ дизайнері	2017 жылы «Балалар және кәсіпкерлік» жобасы аясында 7 облысы, 10 аудан, 35 ауылды аралаған сәтті 4 журнал мен инфографиялық карта, таратылым материалдарының дизайнін	3 жыл	Жоба дизайнері

		жасады.		
Әлтай Баян Есболатқызы	«Жастар Үні» ЖҚБ журналісі	Аталмыш бағытта мақалалар мен зерттеу жұмыстарымен айналысып келеді.	3 жыл	Жобаны ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етуші
Тәуекел Ақнұр Ғанижанқызы	«Жастар Үні» ЖҚБ журналісі	Аталмыш бағытта мақалалар мен зерттеу жұмыстарымен айналысып келеді.	3 жыл	Жобаны ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етуші
Базарбай Асет Миратұлы	«Жастар Үні» ЖҚБ журналісі	Аталмыш бағытта мақалалар мен зерттеу жұмыстарымен айналысып келеді.	3 жыл	Жобаны ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етуші

5. Үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі (жергілікті атқарушы органдардың Жоспарында көзделген грант тақырыбына өтінім берілген жағдайда толтырылады).

Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылуы жоспарланған өңірдегі жұмыс тәжірибесін сипаттаңыз.

Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылу мерзімі	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның атауы (негізгі қызмет түрі)	Тапсырыс берушінің атауы (донор) және жүзеге асырылған әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның географиялық қамтылу аймағы	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның құны	Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның нәтижесі
----------------------------------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------	-----------------------------------------------------------------------

Ұсынылатын әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мазмұны

1. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама туралы негізгі ақпарат.

<p>Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мақсаты</p>	<p>Жастардың денсаулығын нығайту бойынша іс-шараларды ұйымдастыру.</p> <p>Жобаның мақсаты «Жастар Үні» ЖҚБ-ның жарғысындағы «Бірлестік қызметінің негізгі мақсаты:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Елдің қоғамдық өміріне белсенді қатысуына жол ашу; - Жастардың әлеуметтік, экономикалық, құқықтық және мәдени проблемаларын шешуге нақты іс-қимыл арқылы ықпал ету» атты пунктiне сәйкес келеді.
<p>Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның мiндеттері</p>	<p>Жоғарыда айтылған мақсатқа қол жеткізу үшін, келесі мiндеттер қойылып отыр.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жастардың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға уәждені және адамның аса маңызды құндылығы ретінде денсаулықты сақтауға қарым-қатынасты қалыптастыру. 2. Дене шынықтыру және спорт арқылы жастардың моральдық-адамгершілік қасиеттерін дамыту. 3. Еліміздің үздік спортшылары мен олардың спорттағы жетістіктері арқылы салауатты өмір салтын насихаттау.
<p>Ұсынылатын іс-шаралар</p>	<p>Аталмыш мiндеттерді шешу мақсатында, келесі іс-шаралар ұйымдастырылатын болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жастардың денсаулық сақтау мен салауатты өмір салтын насихаттау бойынша Алматы және Нұр-Сұлтан қаласында жастар арасында спартакиада ұйымдастыруды іске асырамыз. Ол Алматы мен Нұр-Сұлтан қаласындағы ЖОО-ры студенттерінің қатысуымен іске асып, 7 түрлі сайысты қамтитын болады. 2. Балалар және жастар арасындағы спортты насихаттау үшін арнайы чэллендж ұйымдастырамыз. Ол чэллендж Республика бойынша жүріп, үздік үш жасты марапаттау орын алады. 3. Дене шынықтырудың пайдасын насихаттау үшін арнайы мотивациялық афишалар жасалынбақ. Оларды тарату кең көлемде іске асатын болады. 4. Еліміздегі үздік үлгі боларлық спортшылармен жұмыс істеу мақсатында біз арнайы бейнероликтер түсіріп, оларды әлеуметтік желілер арқылы ротациялайтын боламыз. 5. Жастар арасындағы салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында арнайы футбол турнирін ұйымдастырамыз. Оған ЖОО студенттері қатысып, арнайы марапатталмақ. 6. Алматы қаласында денсаулық сақтау

	саласындағы спорт кешендерінің қолжетімділігін саралау үшін арнайы дөңгелек үстел ұйымдастырып, оған барлық сала мамандарын жинақтап, арнайы ұсыныс хат әзірлейміз.
Аумақтық қамтылуы	14 облыс, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары
Мақсатты топтар	Қазақстан Республикасының тұрғындары, балалар, жастар
Күтілетін нәтижелер	Жоба нәтижесінде спортпен шұғылдануға және салауатты өмір салтын ұстануға ниет білдірген жастар саны артуы орын алмақ.

2. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асырудың негіздемесі.

Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама бағытталған мәселелер бойынша ағымдағы жағдайдың сипаттамасы	Елімізде жастар категориясына кіретін халық саны 4 млн адамды құрайды. Бұл орасан зор мүмкіндік. Алайда жастар арасындағы спортқа деген қызығушылық айтарлықтай жоғары деңгейде емес. Атап айтатын болсақ дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі негізінде балалар арасындағы семіздік пен жүрек ауруы бойынша еліміз 57 орынды иемденеді. Бұл жақсы дей алмаймыз. Сонымен қатар балалар тегін түрдегі спорттық үйірмелер жайындағы ақпараттарға қанық емес. Бұл мәселені реттеу маңызды. Республика аймағы бойынша спортқа үгіттеу роликтері мен мотивациялық тұғырнамалар әлеуметтік желілерде тым сирек немесе тіпті жоқ. Оны да арттыру аса керек дүние. Спорт кешендерінің көптігі болғанымен, оның қолжетімділігі үлкен мәселе.
Статистикалық деректерге және (немесе) зерттеу деректеріне, соның ішінде өз зерттеулеріне сілтеме	2018 жылғы «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының жүргізген қорытындысына сай, біздің еліміздегі жастардың 62 пайызы спортқа қызықпайды. Елді-мекендердің басым бөлігінде арнайы спорт кешендері баға тиімділігі тұрғысынан жастарға қолжетімді емес. Ал 2018 жылы біздің «2018 жылға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Атамекен» кіші бағдарламасын іске асыруға азаматтардың тартылу деңгейін және «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Атамекен» кіші бағдарламасының іске асырылуына халықтың қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында әлеуметтанушылық сауалнама жүргізу» атты «Қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайту. Қоғамды дерадикализациялау» бағытындағы грант негізінде іске асырылған республикалық сауалнама нәтижесінде біздің жастардың спортқа араласуы да айтарлықтай жоғары деңгейде орын алмады. Нақты айтсақ, 41,5 пайызды ғана құрады. Бұл зерттеулердің өзі ғана біздің аталмыш жобаны жүзеге асыру маңызды екенін көрсетіп отыр.
Мақсатты топтың қажеттіліктерін анықтау бойынша жұмыс	Біз ұйымдастыратын спорттық шаралар мен спортты

туралы ақпарат (қажеттіліктерді бағалау)	жастар арасында насихаттау маңызды, өйткені біз бұл жоба арқылы жастарды нақты спорт саласына шақырып, серпін беріп, жігерлендіреміз. Жастар арасындағы спорттық сайыстар арқылы марапаттай отырып, оларды салауатты өмір салтына шақырамыз. Жастарды спортқа үйір ету жолында арнайы бейнероликтерді түсіреміз, ротациялаймыз. Дөңгелек үстел арқылы біз жастарға спорттық кешендерді тиімді ету жолдарын талқылап, нақты ұсыныстарды әзірлеп, тиісті органдарға жіберіп, жастар үшін тиімді шешім шығаруына мүдделі боламыз.
------------------------------------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

3. Мақсатты топтар (әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асырудан пайда алатын кімдер).

Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны жоспарлау және іске асыру үрдісіне мақсатты топ өкілдерінің қатысуы сипатталады.

Мақсатты топ	Саны	Жасы	Мақсатты топтың алатын пайдасы
Республика тұрғындары мен жастары, балалар	1500	14-29	Спортқа әуес жастардың санының артуы. Спорттық үйірмелер жайлы жастарға нақты ақпараттардың берілуі. Спорттық сайыстар арқылы жастар арасындағы жостық, татулық сезімдерінің күшеюі. Мотивациялық роликтер арқылы республика жастарының спортқа деген қызығушылығының күшеюі. Арнайы чэллендж арқылы жастардың ел аймағы бойынша спортқа жаппай үйір болуы. Дөңгелек үстел арқылы жастардың спорт кешендеріне қатысуы бойынша мәселесін анықталуы және арнайы ұсыныстардың жинақталуы.

4. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама серіктестері мен мүдделі тараптар.

Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның барлық серіктестері мен мүдделі тараптар тізіліп (мысалы, мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, бизнес саласының өкілдері, БАҚ өкілдері, халықаралық ұйымдар және т.б.) олардың әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаға қатысуы, сондай-ақ қолдау түрлері (ақпараттық, кеңес беру) баяндалады.

Серіктестің, мүдделі тараптың атауы	Қатысу түрі мен нақты бағыты
Arhar.kz сайты	21 ғасырдағы ақпараттық кеңістікті қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық-порталдардың рөлі ерекше екенін айтпаса да түсінікті жайт. Сол мақсатта аталмыш сайт серіктес ретінде жобаға қатысты барлық ақпараттарды жариялап, оны қоғамға таратып отырады. Қолдау түрі – ақпараттық! Аталмыш сайт бізге жоба аясында мақалалар жариялау, бейнероликтерді ротациялау, кездесулер мен дәрістер бойынша ақпараттар беру және т.б бойынша қолдау білдірмек.
14 облыстағы Ішкі саясат пен Жастар саясаты, Денсаулық сақтау және Спорт басқармалары (мүдделі тараптар)	Аталмыш басқармаларға біз әріптестікке байланысты хаттар жіберетін боламыз. Мүдделі тараптар келісім береді деген ойдамыз.

5. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама бойынша сұраныс берушімен кері байланыс.

Мақсатты топтың атауы	Мақсатты топтың қанағаттану деңгейі қалай өлшенеді
Жастар мен республика тұрғындары	Спорттық сайысқа қатысқан балалар арасында арнайы хэштег

	<p>қолданылып, олардың аталмыш жобадан алған әсеріне қатысты пікірі білінетін болады. Челленджге қатысқан балалар арасында арнайы Ватсап желісінде арнайы топ құрылып, олардың пікірлері алынатын болады. Біз ол арнайы пікірлерді скриншоттайтын боламыз.</p> <p>Спартакиадаға қатысқан жастарды телефон арқылы сұраймыз. Олардың жазылған посттарын алып, пікірлерін бақылаймыз.</p> <p>Аталмыш жобаға қатысқан балалар арасында біз арнайы сауалнама жүргізетін боламыз.</p>
--	---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

6. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның жүзеге асырылуына мониторинг жасау жоспары.

Әлеуметтік жоба және әлеуметтік бағдарламаның мақсаты:				
Жастардың денсаулығын нығайту бойынша іс-шараларды ұйымдастыру.				
Міндет	Іс-шара	Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелер	Индикаторлар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелерге)	Өлшеу жиілігі
Жастардың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға уәждені және адамның аса маңызды құндылығы ретінде денсаулықты сақтауға қарым-қатынасты қалыптастыру	<p>Спортқа жастарды тарту мақсатында біз Республика халқын және жастарды еліктіру мақсатында арнайы челлендж ұйымдастырамыз.</p> <p>Челлендж бойынша әр өңірдің кез келген жасы бір спорттық жаттығу жасап, оны ары қарай өз досына, аймағына жолдайтын болады. Челлендж «Дені сау – Ұлт!» деп аталмақ. Ең үздік челлендж иегерлері марапатқа ие болмақ.</p> <p>Арнайы спортқа шақыру, үгіттеу арқылы біз жастарды спортқа жігерлендіру үшін арнайы 50 электронды афиша жасап, оны электронды түрде таратып отырамыз.</p>	<p>Қысқа мерзімді көрсеткішке челлендждің, афишаның ұйымдастырылуын айтсақ болады.</p> <p>Ұзақ мерзімді көрсеткішке челлендж, афишалар арқылы жастардың спортқа қызығуы, жігерленуі жатады.</p>	<p>Челленджге 14 облыс бойынша жастардың жаппай қатысуы</p> <p>50 афишаның жасалуы жатады</p>	<p>Челлендж жоба аясында апта сайын</p> <p>Афишалар үш күн сайын салынып тұрады</p>
Дене шынықтыру және спорт арқылы жастардың моральдық-адамгершілік қасиеттерін дамыту.	Аталмыш міндетті іске асыру үшін біз Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларында 7 түрлі спорттан спартакиада ұйымдастыратын боламыз. Спорттар арқан тарту, 100 метрге жүгіру, ұзындыққа секіру, кір тасын көтеру, турникке тартылу, отжимания жасау, эстафетадан өтеді. Бұл шаралар арқылы біз	<p>Қысқа мерзімді көрсеткішке спартакиада мен футбол турнирінің ұйымдастырылуын жатқызсақ болады.</p> <p>Ұзақ мерзімді көрсеткішке арнайы спартакиада мен футболға қатысқан жастардың спортқа, денешынықтыруға</p>	<p>Спартакиаға 500 жастың қатысуы</p> <p>Футбол турниріне 16 команданың қатысуы</p>	<p>Спартакиада екі қалада бір реттен</p> <p>Футбол турнирі Алматы қаласында бір мәрте</p>

	<p>жастарды спортқа, командалық топтасуға мотивация беретін боламыз. Сонымен қатар үздік спортшыларға арнайы марапаттар үлестіретін боламыз.</p> <p>Алматы қаласында ЖОО студенттері арасында футболдан жарыс ұйымдастыратын боламыз. Жарысқа Алматы қаласындағы ЖОО студенттері қатысып, үлкен турнир орын алады. Үздік шыққан үш команданы арнайы марапаттап, бағалы сыйлықтарды табыстаймыз.</p>	деген қызығушылықтарының артуы жатады.		
Еліміздің үздік спортшылары мен олардың спорттағы жетістіктері арқылы салауатты өмір салтын насихаттау	Елімізге танымал спорт жұлдыздарымен бірге біз арнайы 5 бейнеролик түсіретін боламыз. 5 бейнероликке әрине бес түрлі спорт жұлдыздары қатыспақ. Олардың спорт жайлы, спортпен айналысу жайлы мотивациялық сөздері жоба престижін арттырып, спортты насихаттауда басты рөл ойнамақ.	Қысқа мерзімді негізде бейнероликтердің түсірілуі, таратылуы жатады.	Бейнероликтердің әрқайсысы кемі 1000 көрсетілім жинауы.	Үш апта сайын
Жоба аясында спорт кешендері мәселесін талқылау	Жоба аясында біз Алматы қаласындағы спорт кешендерінің жастарға қолжетімділігін, баға тиімділігін білу мақсатында арнайы дөңгелек үстел ұйымдастыратын боламыз. Онда біз арнайы бұл мәселені талқылап, артынша сарапшылармен бірге отырып ұсыныстар дайындап, тиісті органдарға жіберетін боламыз.	Қысқа мерзімді көрсеткіш бойынша дөңгелек үстелдің ұйымдастырылуы	Дөңгелек үстелге 50 адамның қатысуы	1 мәрте
		Ұзақ мерзімді көрсеткіш бойынша дөңгелек үстелде арнайы жасалған ұсыныс хаттар арқылы спорт кешендерінің қолжетімділігі мәселесін шешу орын алатын болады.	3 әлеуметтік желіге жүктелуі мен таралуы	

7. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның күнтізбелік жоспары.

Іс-шара	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша
----------------	--------------	-----------------	--------------	---------------

Алматы қаласындағы спартакиада	-	+	-	-
Нұр-Сұлтан Қаласындағы спартакиада	-	-	+	-
ЖОО студенттері арасында Алматыда футбол турнирі	-	+	-	-
«Дені сау – ұлт» чэлленджі	+	+	+	+
Афишалардың жасалуы және таратылуы	+	+	+	+
5 Бейнероликті түсіру және ротациялау	+	+	+	+
Дөңгелек үстел	-	-	-	+

8. Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның тәуекелдері.

Тәуекел	Ықтималдығын азайту стратегиясы және салдарын барынша азайту стратегиясы
Жастардың спартакиаға қатысуында кемшіліктердің орын алуы	Спартакиада бойынша арнайы алдын-ала жоспар құрылып, қатысушылар нақты іріктеліп алынады. Оны екі қалада ұйымдастыру бойынша мәселелер туындамауы тиіс.
Спорттық шараларға қатысушылардың денсаулықтарында сыр беруі	Бұл жағдайдың алдын-алу мақсатында біз арнайы медициналық қызметкерлерді шақыратын боламыз.

9. Әлеуметтік жоба және (немесе) әлеуметтік бағдарлама қызметінің баспасөз ақпарат құралдарында (ары қарай – БАҚ) жариялануы.

Ақпараттық өнім	Әлеуметтік жоба және	Жарықтандыру арналары (теледидар,	Ақпараттың таралуы
-----------------	----------------------	-----------------------------------	--------------------

(мақала, видеоролик, баннер, пост, бюллетень және т.б.)	(немесе) әлеуметтік бағдарлама кезіндегі ақпараттық өнімдердің саны	баспа басылымдары, интернет-порталдар, өз веб-сайты, әлеуметтік желілер, радио, пошта жәшіктері және т.б.)	жиілігі
Бейнеролик	5	Әлеуметтік желілерде	ҚР
Посттар	30	Әлеуметтік желілерде	ҚР
Афшалар	30	Әлеуметтік желілерде	ҚР
Баннер	5		Дөңгелек үстел, спартакиада, турнирге
Блокноттар мен қаламдар	100		Дөңгелек үстел

10. Әлеуметтік жобаның және (немесе) әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы.

Қаржыландыру аяқталғаннан кейін қызметті жалғастыру және (немесе) нәтижелерді насихаттау мүмкіндігі	Афишалар мен бейнероликтерді тарату ресми жоба аяқталғаннан кейін де жалғаса бермек. Біздің ұйымның жарғысына сай спортты ары дамыту аса маңызды. Түсірілген бейнероликтер әлеуметтік желілерде тарап, оның жастар арасындағы әсері мол болмақ. Біз ұсынған арнайы чэллендж облыстар мен аймақтарда жастардан қолдау тауып, ары жалғаса беретіні анық.
Тұрақтылықты қамтамасыз ету және (немесе) нәтижелерді одан әрі насихаттаудағы ұйымның рөлі қандай	Нәтижелерді халыққа одан ары жеткізу мақсатында біз сайтымызға және әлеуметтік желілерге жариялым жасауды тоқтатпаймыз. Арнайы сайтымызда спорттық шаралар бойынша, оны насихаттау бойынша айдарлар мен ақпараттарды тарата беретін боламыз. Ұйымның өзге де шаралары барысында аталмыш жобаны алға тарататын боламыз.